

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА
ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «СЕРӘЛІ ЛАПИН
АТЫНДАҒЫ №261 ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА №261»
ИМЕНИ СЕРАЛИ ЛАПИНА»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ
КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ
ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ 168

ПРИКАЗ 168

«01» қыркүйек 2022 ж./г.

№ 01.09.2022

Қызылорда қаласы

город Кызылорда

**2022-2023 оқу жылының басталуын,
ұзақтығын және каникул кезеңдерін
айқындау туралы**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамызындағы № 348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29030 больш тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және Қызылорда облысының білім басқармасының 2022 жылғы 25 тамыздағы №48 бұйрығына, Қызылорда қалалық білім беру бөлімінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №95 н/қ бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022 - 2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникулы кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

1) 2022 - 2023 оқу жылының басталуы 2022 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 (12)- сыныптарда – 36 оқу аптасы.

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан -6 қараша аралығында), қысқы каникул – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Ахметоваға жүктелсін.

3. Осы бұйрықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдауды өзіме қалдырамын

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізілсін



Мектеп директоры

Қ.Қ.Абдрахманова